

Өткен апта қаламыздың «Нұр Отан» ХДП ҚОФ ғимаратында Алаштың дауылпаз ақыны Қасым Аманжоловтың 100 жылдық мерейтойына арналған облыстық ақындар мүшәйрасы өтті. Ұйымдастырушы Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы. Жыр бәйгесіне өңіріміздің әр түкпірінен 57 ақын қатысты. «Доғаға түскен ақындардың ішінде осалы жоқ. Жүйрікті анықтау қиынға соқты. «Соңымыздан ғажап толқын келе жатыр», деп ағынан жарылды қазылар алқасының төрағасы С.Ақсұңқарұлы...

Мүшәйра екі кезеңге бөлінген. Біріншісі «Уа, дариға, туған жер» деп аталып, оған туған жер, тіл тағдыры тақы-



Толқынды толқын қуады...

рыбындағы өлеңдер түсуі керек болатын. Екінші кезеңнің тақырыбы «Өзім туралы», яғни еркін тақырыпқа ерік берілді. Қатысушылар өлеңдерін бөлек өрі туралы құжаттық ақпарды бөлек қапшығына салып, сыртына лақап аттарын жазып алдын-ала жіберу керек болатын. Үміткерлерді қабылдау шарты осындай. Бұл сайыстың әділі өтуіне өз септігін тигізді. Қайткенменде, «Сәтсіз өлеңді жақсы ақынның аты сүйрейді» деген бар ғой. Ал бұл сайыста оған жол берілмейді. Қазылар алқасының алдында өлең бар да, авторының аты жоқ... Кіл жүйрікті анықтайтын қазылар алқасының құрамы да жыр киесін пір тұтқан жандардан құралған. Торағамен қапталдаса айтыскер ақын Қойлыбай Асанұлы мен тілдерді оқыту орталығының аға әдіскері Жұпар Жаканова отыр. Олар тұрғанда жақсы өлеңге еш қиянат жасалмас еді. Анық.

Жұлделі орынды былайша жіктеліпті: 3-орын: Қуаныш Медеубаев, Гаухартас Өмірбекова, Ерболат Қуатбеков. 2-орын: Серік Сағынтай, Жанат Жаңқашұлы. Ал, мүшәйраның негізгі биігі 1-орын Балқаш қаласынан келген Ілияс Мұқайдың қанжығасында. Өзге ақындар да ынталандыру сыйлығы мен мақтау қағаздарына ие болды. Осындай тұздығы келіскен дәмді жыр додасын ұйымдастырған облыстық тілдерді дамыту басқармасына ақындардың айтар алғысы көп. Жоғарыда С. Ақсұңқарұлы айтқан «ғажап толқынның» ең жас екі өкілінің өлеңдерін назарларыңызға ұсынып отырмыз. Олар шығатын биік пен олар алатын асулар әлі алда.

Ақынтай АЛАШҰЛЫ.

Гаухартас Өмірбекова:

Ертең-ақ, күз болады,
Жас жүрек күйіп-жанып.
Соңымда із қалады,
Жолдарым шиырланып.



Сырласып теңізбенен,
Сырлы өлең өргенімде.
Мұнайып сені іздеген,
Бір күзді көрмедің бе?

Жанары бұлақ еді,
Тамшы жыр төкті ме екен?
Іздеймін деп мына мені,
Адасып кетті ме екен?!

Ертең-ақ күз келеді,
Жанымда жаралы мұң.
Адасып ізде мені,
«Алдыңда ақ аруың!»

Ерболат Қуатбеков:

Әуеге сені ұқсатқам,
Мамық бұлттай құшақ тән.
Кешігіп жүрем мен ылғи,
Сен мінген күзгі ұшақтан.

Ынтықпын саған кейде тым,
Айналып мұңға сөйле түн.
Суретің тұрды кеудемде,
Қолымда умаж билетім.

Жабылмай қалған жақша бар,
Ойыма менің тамсанар.
Ұшпақшы едім соңыңнан,
Жабулы бүкіл кассалар.

Өттенді жебеп таң аты, —
Кілті жоқ ойға қамапты.
Секундтар мені алдаған,
Таңдаппын тілсіз сағатты.

Әуежай әні кешкілік,
Жүректе ояу ескі үміт.
Шалбарым жаңа, қалтамда,
Билетім қапты ескіріп.

Аспаннан апам гүл жұлып,
Жыр оқып тұрмын түнге ұлып.
«Көктегі қызды» күтіп жүр,
Әуежайдағы бір жігіт.